Ластағыш заттар шығарындыларының көлемін салыстыра отырып, ТШО-ның қолданыстағы атмосфераны ластау көздері жұтаң газбен жұмыс істеген кезде құрғақ газбен салыстырғанда, жұтаң газдың жылу сыйымдылығы төмен болғанына қарамастан, қоршаған ортаға ластағыш заттар 5%-ға аз бөлінеді деген қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ, қолданыстағы көздердің құрғақ және табиғи газбен жұмыс істеуі кезінде ластағыш заттардың сейілуін есептеу жүргізілді, оның нәтижесінде ТШО-ның отын газ жүйесі құрғақ газға ауысқан кезде тұрғын аймақтар мен вахталық кенттердегі ШРК (шекті рұқсат етілген концентрация) нормалары рұқсат етілген мөлшерден аспайтыны растады.

Осы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде 2028-2034 жылдары жұтаң және құрғақ газбен жұмыс істейтін атмосфераны ластайтын қолданыстағы көздер үшін эмиссиялар нормалары белгіленбейді. Құрғақ және жұтаң газбен жұмыс істейтін жабдықтар үшін эмиссиялар нормалары осы көздер жұмысының бекітілген жоспарлы көрсеткіштері бойынша 2029 жылы экологиялық рұқсат алу кезеңінде нормалар жобаларында белгіленетін болады.

Іс-шаралар.

Құрылыс және пайдалану кезеңінде:

- Көлік қозғалысын ұйымдастыру;
- сусымалы материалдарды тасымалдау кезінде автосамосвалдардың шанақтарын тентпен жабу;
- автокөлік құралдарын және арнайы техниканы техникалық қарап-тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ желіге шығатын автокөлік құралын жоспарлы тексерумен қамтамасыз ететін шығарындылардың уыттылығын бақылау;
- жұмысты жүргізуді мұқият технологиялық регламенттеу;
- арнайы автокөліктердің дизельдік қозғалтқыштарының шығарындыларын ішкі басудың қазіргі заманғы әдістердің (уыттылығы аз жұмыс процесі, отын беруді реттеу, цилиндрлерге су беру) енгізу, бұл шығатын газдардағы азот оксидтерінің құрамын 75%-ға төмендетуге мүмкіндік береді;
- отын түрін, қозғалтқыш түрін және оның жұмыс режимі мен жүктемесін дұрыс таңдау.

Отын газ жүйесін модификациялау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде атмосфераға ластағыш заттардың шығарындыларын азайту бойынша арнайы шаралар қарастырылмаған.

Бақылау ТШО өндірістік объектілерінде өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде есептеу әдісімен жүзеге асырылады.

Су ресурстарына әсерді бағалау

Жобаланатын объектілер орналасатын және құрылыс жұмыстары жүргізілетін учаске Каспий теңізінен 30 км қашықтықта және Жем (Ембі) өзенінен 60 км қашықтықта, белгіленген су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінен тыс жерде орналасқан.

Су тұтыну.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары (ҚМЖ) кезеңінде келесі қажеттіліктерге су тұтыну қарастырылады:

- өндірістік;
- шаруашылық-тұрмыстық;
- ауыз су.

Жұмыс кестесінің ықтимал ығысуын ескере отырып, су тұтыну және су бұру көлемдері жұмыстар жүргізілетін әрбір жылға максималды түрде қабылданды.

Шаруашылық-тұрмыстық және ауыз су қажеттіліктеріне су тұтыну – жылына 2233,1 текше метр.

Санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілуге тиіс жұмысшылардың қажетті жалпы саны 163 адамды құрайды.

Жоба өндірістік және тұрмыстық қажеттіліктер үшін су көзі ретінде ТШО-ның қолданыстағы коммуналдық желілерінен су алу көзделеді. Ауыз су қажеттіліктері үшін әкелінетін бөтелкедегі су пайдаланылады.

Өндірістік қажеттіліктер үшін су тұтыну: жылына 2484,0 текше метр.

Құрылыс алаңында шаңды басу, топырақты тығыздау, бетон күтімі және құбырларды гидросынақтан өткізу үшін техникалық суды пайдалану көзделеді. Шаң басуға арналған судың болжамды көлемі 460 м3, топырақты тығыздау үшін - 1271 м3, бетон күтімі үшін - 539 м3, құбырларды гидросынақтан өткізу үшін - 214 м3 құрайды.

Жобаланатын объектілерді **пайдалану кезеңінде** су тұтыну болжанбайды.

Суды бұру.

Шаруашылық-тұрмыстық сарқын сулар – жылына 2231,1 текше метр.

Қызметкерлердің табиғи қажеттіліктері үшін жобаланатын объектілерде жұмыс жүргізу орнына жақын жерде биоәжетханалар орнату жоспарлануда. Биоәжетханалардың толуына қарай олардан пайда болған тұрмыстық сарқын сулар ТШО-ның қолданыстағы тәртіптеріне сәйкес Теңіздегі қолданыстағы кәріздік тазарту қондырғысына арнайы көліктермен шығарылады және «Теңізшевройл» ЖШС объектілерінің сарқын сулармен ағызылатын ластағыш заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормалары жобасында ескеріледі.

Өнеркәсіптік сарқын сулар – жылына 2484,0 текше метр

Гидросынақтар жүргізілгеннен кейін сарқын сулар, сондай-ақ құрылыс алаңындағы жаңбыр және еріген сулар ТШО-ның қолданыстағы тәртіптеріне сәйкес Теңіздегі қолданыстағы кәріздік тазарту қондырғысына арнайы көліктермен шығарылады және «Теңізшевройл» ЖШС объектілерінің сарқын сулармен ағызылатын ластағыш заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормалары жобасында ескеріледі.

Жобалық шешімдермен шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік сарқын суларды жер бедеріне немесе жер үсті су көздеріне ағызу қарастырылмайды.

Жобаланатын объектілерді пайдалану кезеңінде су бұру көзделмейді.

Іс-шаралар

- 1) құрылыс жұмыстары жүргізілетін орындарға кірме жолдар санын қатаң шектеу және құрылыс техникасы алып жатқан аумақтарды барынша азайту;
- 2) апаттық жағдайлар мен кейінгі ластануларды болдырмау мақсатында құрылыс жұмыстары мен көлік қозғалысы кестесін сақтау;
- 3) құрылыс алаңы аумағын тиісті санитарлық жағдайда ұстау;
- 4) құрылыс техникасын жарамды күйде ұстау;
- 5) жабдыққа жанар-жағармай материалдарын құюды тек арнайы жанармай құю машиналарын қолдану арқылы жүзеге асыру;
- 6) құрылыс және тұрмыстық қалдықтарды металл контейнерлерде сақтау, кейіннен су қорғау аймағынан және су объектілері мен каналдар белдеуінен тыс жердегі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығару;
- 7) құрылыс қажеттіліктері үшін суды жеткізуге және құрылыс алаңын суаруға шарт жасау;
- 8) су тұтыну көлемін бақылау;

Жобалық шешімдермен жер үсті су объектілерінен су алу немесе қандай да бір сарқын суларды жер бедеріне немесе жер үсті су көздеріне ағызу көзделмейді.

Пайдалану кезеңінде су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану бойынша негізгі іс-шаралар:

- 4) технологиялық құбырлар жүйесін коррозиядан қорғау;
 - 5) физикалық және радиографиялық әдістерді қолданып, дәнекерленген қосылыстардың сапасын сенімді бақылау;
- Өндірістік процестер жұмыс режимінде мұнай өнімдерімен және басқа да химиялық заттармен ластануы мүмкін қатты төсемі бар технологиялық алаңдардан жер бедеріне қандай да бір ағындарды болдырмайды;
- 6) Автоматика жүйесі технологиялық процестің саңылаусыздығын сенімді бақылауға және бақылаусыз ағып кетулер мен асып төгілулерді болдырмауға мүмкіндік береді.
- Нормалар мен ережелердің барлық талаптарын, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Су кодексінің» 112-115, 125 баптарын сақтай отырып, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу және жобаланатын объектіні пайдалану кезінде жер асты және жер үсті суларына әсер етуге жол берілмейді.

Жер қойнауына келтірілетін әсерді бағалау

Жобаланатын жұмыстар процесінде Теңіз кенорынының ахуалына әсер келтірілмейді деп пайымдалады.

Өндіріс және тұтыныс қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін бағалау

Қалдықтар сипаты:

- 3) Майланған қалдықтар;
- 4) Көмірсутектермен және химикаттармен ластанған топырақ;
- 3) Лак-бояу материал қалдықтары;
- 4) Сапасыз металл сынықтары;
- 5) Пластик қалдықтары;
- 6) Металл сынықтары;
- 7) Пайдаланылған аккумуляторлар;
- 8) Битум латекс эмульсиясының қалдықтары;
- 9) Құрылыс және демонтаж жұмыстарының қалдықтары;
- 10) Ағаш қалдықтары (қалып/АЖТ);
- 11) Коммуналдық қалдықтар;
- 12) Тағам қалдықтары;
- 13) Резеңке-техникалық бұйым қалдықтары;
- 14) Пайдаланылған майлар;
- 15) Мұнай шламы.

Майланған қалдықтар - автокөлік құралдарының ластанған бетін, механизмдердің бөлшектерін сүрту және басқа да жөндеу жұмыстары салдарынан туындаған қалдықтар. Қалдықтар классификаторының 1-қосымшасына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қалдықтарға жатады. Қалдық коды 15.02.02*.

Көмірсутектермен және химикаттармен ластанған топырақ - Қалдықтар классификаторының 1-қосымшасына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қасиеттері бар қалдықтарға жатады. Олар жер бетіне май және мұнай өнімдерінің төгілуі салдарынан пайда болады. Қалдықтар коды 19 13 01*.

Пайдаланылған майлар - Қалдықтар классификаторының 1-қосымшасына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қасиеттері бар қалдықтарға жатады. Олар пайдалану мерзімі аяқталуы және пайдалану кезінде сапа параметрлерінің төмендеуі нәтижесінде пайда болады. Қалдық коды 13 02 08*.

Пайдаланылған аккумуляторлар - Қалдықтар классификаторының 1-қосымшасына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Олар пайдалану мерзімі аяқталуы нәтижесінде пайда болады. Қалдық коды 16 06 05.

Лак-бояу материал қалдықтары - Қалдықтар классификаторының 1-қосымшасына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қасиеттері бар қалдықтарға жатады. Олар лактау-бояу жұмыстары нәтижесінде пайда болады. Қалдық коды 08 01 11*.

Сапасыз металл қалдықтары – Қалдықтар классификаторының 1-қосымшасына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қасиеттері бар айналық қалдықтарға жатады. Олар дәнекерлеу жұмыстары нәтижесінде пайда болады. Қалдық коды 17 04 09*.

Пластик қалдықтары - Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Қалдық коды 20 01 39.

Металл сынықтары - Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Қалдық коды 17 04 07.

Құрылыс және демонтаж жұмыстары қалдықтары - Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Қалдық коды 17 09 04.

Битум латекс эмульсиясы қалдықтары - Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қалдықтарға жатады. Қалдық коды 13 08 02*.

Резеңке-техникалық бұйым қалдықтары - Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Олар пайдалану мерзімі аяқталуы және пайдалану кезінде сапа параметрлерінің төмендеуі нәтижесінде пайда болады. Қалдық коды 19 12 04.

Ағаш қалдықтары (қалып/АЖТ) - Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Қалдық коды 20 01 38.

Коммуналдық қалдықтар – Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Қалдық коды 20 03 01.

Тағам қалдықтары – Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады. Қалдық коды 20 01 08.

Мұнай шламы – Қалдықтар классификаторына сай қалдықтың осы түрі қауіпті қалдықтарға жатады. Қалдық коды 05 01 03*.

ТШО балансында қалдықтарды көметін екі полигон бар, бірі қатты тұрмыстық қалдықтарға, екіншісі өндірістік қалдықтарға (ӨҚ) арналған.

Сондай-ақ ТШО аумағында кәдеге жаратуға және екінші қайтара пайдалануға берілетін қалдықтардың кейбір түрлері үшін арнайы жинау пункттері қарастырылады.

Жұмыс кестесінің ықтимал ығысуын ескере отырып, қалдықтарды жинау және көму шектері жұмыстар жүргізілетін әрбір жылға максималды түрде қабылданды.

Қалдықтардың мөлшері және олармен жұмыс істеу тәсілі туралы мәліметтер

№	Қалдық түрінің атауы	Жиналу мөлшері, т/жыл	Қалдықтармен жұмыс істеу тәсілі
Құрылыс кезеңі			
1	Майланған қалдықтар	0,005	Пайдаланылған майлар мен майланған қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған ыдыстар өндірістік аумақта да, одан тыс та орналасуы мүмкін. Ыдыстар таңбалануы тиіс. Егер ыдыстар іргелес аумақта орнатылған болса, пайдаланылған майлар мен майланған қалдықтарды жинақтауға арналған алаңның қатты жабыны және су мен бөгде заттардың түсуін болдырмайтын қалқасы болуы тиіс. Қалдықтардың жинақталуына қарай ТШО ӨҚ полигонына көму үшін шығарылады.
2	Көмірсутектермен және химикаттармен ластанған топырақ	1,0	Ластанған топырақты жинау құрылыс аумағындағы арнайы алаңда орналасқан жеке ыдыстарда, мысалы, бөшкелерде жүзеге асырылады. Жинақталуына қарай ТШО ӨҚ полигонына көму үшін шығарылады.
3	Лак-бояу материал қалдықтары	0,19	Лак-бояу материалдарының ыдыстарын жинау жеке ыдыстарға, мысалы, құрылыс аумағындағы арнайы алаңда орналасқан контейнерлерге жүзеге асырылады. Көму үшін ТШО-ның өзінің ӨҚ полигонына шығарылады.
4	Сапасыз металл қалдықтары	0,018	Жинау орталықтандырылған жинау орнында - сапасыз металл қалдықтарын уақытша жинауға және жинақтауға арналған алаңда арнайы ыдыстарда жүзеге асырылады. ТШО ӨҚ полигонында көму
5	Пластик қалдықтар	17,055	Жинау орталықтандырылған жинау орнында арнайы ыдыстарда - мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде қайта пайдалануға тапсыру үшін пластик пен картонды уақытша жинақтауға арналған алаңда жүзеге асырылатын болады.
6	Металл сынықтары	2,4	Мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде жинақтаусыз қайта өңдеуге тапсырылады.
7	Пайдаланылған аккумуляторлар	0,45	Жинау орталықтандырылған жинау орнында - ЖЭО-да және АРП-да аккумулятор батареяларын уақытша жинауға және жинақтауға арналған алаңда жүзеге

			асырылады және кейіннен мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде қайта өңдеуге немесе қайта пайдалануға тапсырылады.
8	Битум латекс эмульсиясы қалдықтары	0,38	Сұйық қалдықтарды жинау құрылыс аумағындағы арнайы алаңда орналасқан жеке ыдыстарда, мысалы, бөшкелерде жүзеге асырылады. Мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде жинақтаусыз қайта өңдеуге шығарылады.
9	Құрылыс және демонтаж жұмыстары қалдықтары	0,3	Жинау құрылыс аумағындағы арнайы алаңда орналасқан жеке ыдыстарда, мысалы контейнерлерде жүзеге асырылады. Қалдықтардың жинақталуына қарай қайта өңдеу, кәдеге жарату немесе қайта пайдалану үшін мамандандырылған ұйыммен келісімшарт бойынша / өз күшімен шығарылады.
10	Ағаш қалдықтары (қалып/АЖТ)	3,6	Жинау орталықтандырылған жинау орнында – уатқанға дейін және одан кейін ағаш материалдарды уақытша жинауға және жинақтауға арналған алаңда жүзеге асылады, кейіннен мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде шығарылады.
11	Коммуналдық қалдықтар	22,01	Коммуналдық қалдықтар металл контейнерлерге немесе арнайы полиэтилен пакеттерге жиналуы қажет, уақытша сақтау ұйымдастырылған контейнерлер алаңында жүзеге асырылады. Көму үшін шығару өзінің қатты тұрмыстық қалдықтар полигона жүзеге асырылады.
12	Тағам қалдықтары	8,025	Тағам қалдықтары ТШО асханаларының аумағында орналасқан арнайы ыдыстарға жиналады. Мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде жинақтаусыз қайта өңдеуге шығарылады.
13	Резеңке-техникалық қалдықтар	7,0	Жинау құрылыс алаңындағы арнайы контейнерлерде жүзеге асырылады, кейіннен өңдеу немесе қайта пайдалану үшін мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде тапсырылады.
14	Пайдаланылған майлар	1,317	Жинау құрылыс алаңындағы арнайы контейнерлерде жүзеге асырылады, кейіннен өңдеу немесе қайта пайдалану үшін мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде тапсырылады.
Пайдалану кезеңі			
1	Мұнай шламы	19,56	Арнайы ыдыстарға жиналып, мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде кәдеге жаратуға тапсырылады. Қайта өңдеу
2	Коммуналдық қалдықтар	6,565	<i>Коммуналдық қалдықтар металл контейнерлерге немесе арнайы полиэтилен пакеттерге жиналуы қажет, уақытша</i>

			сақтау ұйымдастырылған контейнерлер алаңында жүзеге асырылады. Көму үшін шығару өзінің қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына жинақталуына қарай жиілікпен жүзеге асырылады.
--	--	--	--

ТШО кәсіпорынның барлық объектілері үшін Қалдықтарды басқару бағдарламасын (бұдан әрі - ТШО ҚББ) әзірлеп, оны жүзеге асыруда. Құрылыс жұмыстарын жүргізу және жобаланатын объектілерді пайдалану кезеңінде қалдықтармен жұмыс істегенде қолданыстағы ТШО ҚББ талаптарын басшылыққа алу қажет.

ҚР ЭК 320-бабына сәйкес өндірістік қалдықтарды пайда болу орындарында жинау мерзімдері:

1) қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға тапсыру) немесе осы қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын объектіге өз бетінше шығару күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды пайда болған жерінде уақытша жинақтау;

2) пайдаланудан шығып қалған көлік құралдарын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, қауіпсіз қалдықтарды жинау кезінде (контейнерлерде, ауыстырып тиеу және сұрыптау станцияларында) осы қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын объектіге шығару күніне дейін үш айдан аспайтын мерзімге қауіпсіз қалдықтарды уақытша жинақтау;

3) қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын объектіде оларды қалпына келтіруге немесе жоюға жібергенге дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды уақытша жинақтау.

Құрылыс кезеңінде қалдықтарды әр бөлек жинау, сақтау және шығаруды қадағалау қажет.

Өндіріс және тұтыныс қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін азайту **шаралары** келесідей эффективтік шараларды қамтиды:

- Қалдықтарды тек арнайы осы мақсатқа арналған алаңдарға және контейнерлерге орналастыру;
- Өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдарды рационалды пайдалану есебінен қалдықтардың пайда болуын барынша азайту;
- Материалдарды белгілі бір мерзім ішінде нақты пайдаланылатындай мөлшерде және сол мерзім ішінде қалдықтар разрядына ауыстырылмайтындай рационалды түрде сатып алу;
- Өндірісте қолданылатын материалдарды көп мәрте пайдаланылатын контейнерлерде сатып алу. Бұл орама материалдар мен бос контейнерлер күйінде пайда болатын қалдықтар мөлшерін азайтады.
- Сұйық шикізат пен отын жылыстауын және төгілуін болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдау және күнделікті профилактикалық жұмыстар жүргізу.
-

Қоршаған ортаның физикалық әсерді бағалау

Шу әсері

Құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңіндегі шулық ластану ошақкөздерінің тізімі

Ошақкөз № 0001	Бульдозер
Ошақкөз № 0002	Экскаватор
Ошақкөз № 0003	Электр станциясы
Ошақкөз № 0004	Автокөлік
Ошақкөз № 0005	Бұрғылау жұмыстары
Ошақкөз № 0006	Дәнекерлеу жұмыстары

Пайдалану кезеңіндегі шулық ластану есебі сорғы жабдығы жұмысы бойынша жүргізілді.

Пайдалану кезеңіндегі шулық ластану ошақкөздерінің тізімі

Ошақкөз № 0001-0003	A/B/C сорғы жабдығы
---------------------	---------------------

Жұмыс алаңындағы нормативтік деңгей үшін өндірістік кәсіпорындардың тұрақты жұмыс орындары бар бөлмежайлар қарастырылған. Вахталық поселкелердің тұрғын аймағындағы нормативтік деңгей үшін тұрғынжайлар, демалыс үйлеріне және қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерге таяу орналасқан аумақтар қарастырылған.

Есептеулер нәтижесінде құрылыс жұмыстары кезінде және жобаланған нысандарды пайдалану кезеңіндегі шу деңгейінің рұқсат етілетін нормативтерін асып кету анықталмады.

Діріл әсері

Діріл құбылуларымен күрес оны тудыратын ошақкөздің өзінің діріл деңгейін түсіру арқылы жүзеге асады. Құрылыс техникасы мен көлік жұмысы кезінде пайда болуы ықтимал дірілді азайту үшін икемді байланыс, серпімді төсеуіштер мен серіппелер орнату, діріл шарттарында сол жерде болу уақытын қысқарту, жеке қорғаныш құралдарын пайдалану қарастырылған.

Құрылыс кезеңі Тірі организмдерге келтірілетін физикалық әсер өте төмен деңгейде және қысқа уақытты болады және құрылыс жұмыстары аяқталуымен тоқтайды.

Пайдалану кезеңі Жобаланатын нысанды пайдалану кезінде діріл әсерін беретін ошақкөз болмайды деп пайымдалған.

Электрмагниттік әсер

Құрылыс кезеңі Құрылыс-монтаж жұмыстары кезінде электрмагниттік әсер жабдықтың зауыттық сипаттары бойынша рұқсат етілетін деңгейлерде болады.

Пайдалану кезеңі Жобаланатын нысандардың электрмагниттік әсері жабдықтың зауыттық сипаттамаларының шектік деңгейлерінен аспайды.

Іс-шаралар

Шу мен дірілді шектік деңгейлерге дейін түсіру үшін қажет барлық шаралар нысандар құрылысы мен пайдалану кезінде жүзеге асырылады.

Шу мен дірілді минимум деңгейге түсіру үшін құрылыс барысында келесідей салдарларды азайту шаралары қолданылуы керек:

- Түнгі уақыттағы кез келген қызмет минимумға түсірілуі қажет;
- Шуды әлсіздендіру тосқауылдарын пайдалану қажет;
- Газ шығару жүйесі үшін шу басқыш пайдалану;
- Персоналды бөлек тұрған блок-боксқа орналастыру;
- Дірілді минимумға түсіру үшін қажет болса, икемді жіктерді, іліністерді пайдалану.
- Жарақат алуды және персоналдың қоршаған ортамен тікелей байланысының зиянды әсерін азайту жеке қорғаныш құралдарын, арнайы маман киімін, қолғап, алғашқы медициналық көмек құралдарын пайдалану және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу және өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрету арқылы орындалады. Шу қысымын стандарттармен бекітілген шектік деңгейлерге түсіру мүмкін болып табылмайтын аймақтарда қауіпсіздік белгілері қойылады. Әкімшілік осы аймақтарды жұмыс істейтін қызметкерлерді ГОСТ стандартына сай жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуі қажет. Дыбыс қысымы деңгейі 135 дБ-ден асатын, нормаланған октава жолағының кез келген жиілігінде, жеке қорғаныс құралдарынсыз жүруге қатаң тыйым салынады.
- Қабырғалар мен төбелердің шу изоляциясы, виброіргетасқа “шулы жабдық” орнату, шу басқыштар орнату,
- есік және терезе саңылауларына контуры бойынша нығыздауыш төсеме құрылғысы бар дыбыс изоляциясын орнату.
- Жұмыс орындарындағы шу деңгейін және жабдықтардың шу сипаттамаларын өлшеу мен бағалау әдістері ҚР құрылыс нормаларына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде физикалық әсерлердің деңгейі өте төмен, әсіресе бұл арнайы техника мен жабдықтардан шығатын шу әсерінде байқалады. Шудан қорғану бойынша тиісті нормативтік талаптар орындалады және оларды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылданады.

Халықты физикалық әсерден қорғау шаралары ТШО-ның жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілеріне қатысты санитарлық алшақтықтарды, қорғау және санитарлық-қорғау аймақтарын сақтау арқылы жүзеге асырылады.

Радиациялық әсер

Жобаланған отын газ жүйесін модификациялау жұмыстарын жүргізу мерзімі бойынша радиологиялық әсер көздері анықталған жоқ.

Кен орнында радиациялық фонды өлшеу «Теңізшевройл» ЖШС-нің өндірістік нысандарын пайдалану шеңберінде қолданыстағы Өндірістік бақылау бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Құрылыс кезеңі Жоспарланған қызмет түрі бойынша құрылыс кезеңінде радиациялық әсер болады деп пайымдалып отырған жоқ. Жобаланған нысанның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылыс кезінде радиациялық қауіпсіздік сертификаттары бар құрылыс материалдарын пайдалану қажет.

Пайдалану кезеңі Пайдалану (эксплуатация) кезеңінде де жоспарланған қызмет түрі бойынша радиациялық әсерлер болады деп пайымдалып отырған жоқ. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында радиациялық бақылау жүргізіледі. Радиациялық бақылау ТШО-ның қолданыстағы өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес бекітілген кесте бойынша жүзеге асырылады.

Жер ресурстары және топыраққа әсерді бағалау

Геоморфология және рельеф Жұмыс жүргізілетін учаске Атырау облысында, Каспий маңы ойпатының шегінде орналасқан. Бұл – Каспий теңізіне қарай еңістелген, көл-теңіздік тегіс жазық. Рельефі салыстырмалы түрде тегіс.

Бұл – құрғақ, шөлейтті, теңіздік шығу тегі бар аккумулятивті жазық, микрорельефтің көптеген пішіндерімен (сорлар, көл тәрізді ойыстар және т.б.) сипатталады және Каспий теңізіне қарай әлсіз еңістікке ие.

Жұмыс жүргізілетін учаске теңіз жағасындағы шөлейт аймаққа жатады, оған тән топырақ және өсімдік жамылғысы кешендерімен ерекшеленеді.

Теңіз маңындағы шалғынды сортаң топырақтар басым таралуымен ерекшеленеді.

Жылыой ауданы Арал-Каспий провинциясының шөлді аймағына жатады, мұнда негізгі топырақ түрі – қоңыр топырақ.

Ауданда шөлді сортаңдар – 41%, ал сортаңдармен кешенде кездесетін қоңыр шөлейтті сортаң топырақ (10-50% аралығында) – 36% құрайды.

Жоспарланған қызметтің топырақ жамылғысына әсері минималды болады, себебі жобаланған жұмыстар ТШО-ның қолданыстағы өндірістік алаңында жүргізіледі, ал бұл аумақта әлеуетті құнарлы қабат жоқ.

Іс-шаралар

Құрылыс-монтаж жұмыстары барысында топырақ жамылғысына аздаған теріс әсер келтірілуі мүмкін. Сондықтан бұл әсерлерді азайту мақсатында бұзылған жерлерді қалпына келтіру және оларды ластанудан қорғау бойынша келесі кешенді шараларды жүзеге асыру қажет:

- ✓ Жұмыстарды жүргізу кезінде технологиялық циклді қатаң сақтау;
- ✓ Құрылыс техникасының қозғалысын ұйымдастыру (жұмыс орындарына тек қолданыстағы жолдар арқылы жету);
- ✓ Шаңның таралуын азайту үшін, әсіресе жаз мезгілінде, жұмыс аймақтары мен көлік қозғалысы қарқынды учаскелерде қажет болған жағдайда жолдар мен құрылыс алаңдарына су шашу;
- ✓ Құрылыс кезінде пайда болатын өндірістік қалдықтарды арнайы қатты жабындысы бар алаңдарда контейнерлерге жинап, уақытша сақтау;
- ✓ Қалдықтарды арнайы мамандандырылған ұйыммен келісімшарт негізінде шығару;
- ✓ Құрылыс техникасына жанармай құюды арнайы ұйымдастырылған орындарда жүзеге асыру;
- ✓ Жанар-жағармай өнімдерімен ластану орындарын жедел жою;
- ✓ Құрылыс техникасы мен жабдықтарға уақытылы техникалық қызмет көрсету, тексеру және жөндеу;
- ✓ Тұрмыстық және шаруашылық ағынды сулардың топыраққа төгілуіне жол бермеу;
- ✓ Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді рекультивациялау (ҚР Экологиялық кодексі, Қосымша 4, 4-бөлім, 3-тармақ);
- ✓ Құрылыс алаңында жанар-жағармай құю және толықтыру кезінде төгілуді болдырмау үшін арнайы төсеніштерді қолдану;
- ✓ Жер ресурстарына әсер ететін және топырақпен тікелей жанасатын жабдықтардың герметикалығын бақылау.

Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін персонал еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша оқытудан өтуі тиіс.

Потенциалды құнарлы қабатқа (ПҚҚ) жатпайтын, көлемі 24 127 м³ болатын қазылған топырақ уақытша траншеялар мен қазаншұңқырлардың жанында сақталады, кейін траншеяларды көму үшін пайдаланылады. Қазылған топырақтың артылған мөлшері ТШО өкілі көрсеткен учаскеге шығарылады.

Жобаланған нысандардың құрылысы кезінде тиісті шаралар сақталған жағдайда топыраққа теріс әсер болады деп пайымдалмайды.

Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін топырақта мұнаймен ластанған дақтардың бар-жоғын анықтау мақсатында жобаланған жұмыстар жүргізілген аумақта визуалды тексеру жүргізу ұсынылады. Егер мұндай дақтар анықталса, олар ластанған топырақ құрамынан алынып, келісімшарт негізінде арнайы мамандандырылған ұйымға кәдеге жаратуға тапсырылады.

Жобаланған нысандарды пайдалану кезінде топырақ жамылғысына теріс әсерді азайту мақсатында келесі шаралар әзірленген:

- ✓ Топырақ жамылғысын ластауға әкелуі мүмкін пайдалану және жөндеу жұмыстарының орындалуын қатаң реттеу;
- ✓ Құрылыс барысында бүлінген жерлерді қалпына келтіру;
- ✓ Қалдықтарды түгендеу, оларды арнайы жабдықталған орындарда жинау және қатты және сұйық қалдықтарды уақытылы шығару;
- ✓ Өндірістік және тұтыныс қалдықтарын уақытша сақтау орындарын мерзімді визуалды тексеру;
- ✓ Топырақ жамылғысын визуалды зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Өсімдікке келтірілетін әсерді бағалау

Құрылыс кезеңі Құрылыс алаңында жасыл желектерді кесу немесе көшіру жобалық шешімдерде қарастырылмаған. Аталған жоба аясында өсімдік ресурстарын пайдалану көзделмеген.

Құрылыс жұмыстары кезінде арнайы техниканың жұмысы нәтижесінде өсімдік жамылғысына аздаған әсер етуі мүмкін. Өсімдік жамылғысы ішінара бұзылуы мүмкін, алайда барлық шаралар сақталған жағдайда өсімдіктердің өздігінен қалпына келу қабілеті сақталады.

Құрылыс жұмыстары жұмыс жүргізілетін аумақтағы өсімдіктер әлеміне елеулі әсер етпейді. Жобаланған жұмыстар жүргізілетін учаске ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кірмейді. Әсер ету аймағы құрылыс алаңы мен ТШО өндірістік аумағының шегінен шықпайды.

Пайдалану кезеңі Жоспарланған қызметті жүзеге асыру өсімдіктердің тіршілік ету ортасының қазіргі жағдайына өзгерістер әкелмейді. Әсер ету аймағы құрылыс алаңы мен ТШО өндірістік аумағының шегінен шықпайды.

Өсімдіктерді қорғау шаралары:

- ✓ Құрылыс-монтаж жұмыстары мен құрылыс шаруашылығын орналастыруға бөлінген аумақтардың шекараларын қатаң сақтау;
 - ✓ Ағаш-бұта өсімдіктеріне зиян келтірмей кіреберіс жолдарды жабдықтау;
 - ✓ Құрылыс алаңын құрылыс және тұрмыстық қалдықтармен ластауға жол бермеу;
 - ✓ Автокөліктің жер бөлінісінен, құрылыс алаңдарынан және белгіленген кіреберіс жолдардан тыс қозғалысына тыйым салу;
 - ✓ Автокөлік пен техниканың қозғалысы үшін қолданыстағы жол желісін пайдалану және жаңа жолдардың пайда болуын барынша азайту;
 - ✓ Отпен жұмыс істеу кезінде абай болу; Құрғақ өсімдіктердің жануына жол бермеу, өрт ошақтары анықталған жағдайда оларды дереу сөндіру шараларын қабылдау; От жағуға, түскен жапырақтар мен құрғақ шөпті өртеуге тыйым салу;
 - ✓ Құрылысқа бөлінген учаскелерде ағаштарды заңсыз кесуге немесе зақымдауға жол бермеу, атап айтқанда: ағаштардан шырын алу, тіліктер, жазулар жасау, хабарландырулар, нөмірлік белгілер, көрсеткіштер, сымдар ілу және ілгектер мен шегелер қағу;
 - ✓ Қызыл кітапқа енген өсімдіктерге зиян келтіруге жол бермеу;
 - ✓ Өсіп тұрған ағаштар мен бұталардың тамыр мойындары мен діңдерін топырақпен көміп тастауға жол бермеу;
- Топырақ пен өсімдік жамылғысын барынша сақтау.

Жануарлар әлеміне келтірілетін әсерді бағалау

Құрылыс кезеңі Құрылыс алаңында жануарлар әлемі ресурстарын пайдалану жобада қарастырылмаған.

Жоспарланған қызмет нысанының құрылыс-монтаж жұмыстары барысында фаунаның түрлік құрамына, санына, генетикалық қорына, тіршілік ету ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың шоғырлану орындарына әсері шамалы және мардымсыз болады.

Құрылыс жұмыстары жұмыс жүргізілетін аумақтағы жануарлар әлеміне елеулі әсер етпейді.

Жобаланған жұмыстар жүргізілетін учаске ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кірмейді.

Пайдалану кезеңі Жоспарланған қызметті жүзеге асыру жануарлар тіршілік ететін ортаның қазіргі жағдайына өзгерістер әкелмейді.

Жануарлар әлемін қорғау бойынша іс-шаралар:

- ✓ Дала жануарларын тамақтандыруға қатаң тыйым салу, сондай-ақ оларға жем бола алатын қалдықтарды тиісінше сақтау;
- ✓ Автокөліктің тек белгіленген транспорттық схема бойынша қозғалуы және дыбыстық сигналдарды шектеулі қолдану;
- ✓ Жанар-жағармай материалдарының топыраққа бақылаусыз төгілуіне жол бермеу;
- ✓ Қоршаған фаунаға шу әсерін барынша азайту;
- ✓ Кеміргіштер арасында эпизоотиямен байланысты болуы мүмкін ауру белгілері байқалған жағдайда дереу әрекет ету және бұл туралы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен облыстық төтенше жағдайлар штабына хабарлау;
- ✓ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудың аумақтық органдарының жоспарларына сәйкес алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шараларға, соның ішінде вакцинацияға қатысу;
- ✓ Нысандар мен құрылыстарда арнайы белгілер орнату;
- ✓ Өндірістік аумақты визуалды тексеру және мұнаймен ластанған дақтарды анықтау;
- ✓ Жануарлардың миграциясын қамтамасыз ету мақсатында ашық траншеялардың ұзындығы 500 метрден аспауы тиіс;
- ✓ Рұқсатсыз аңшылыққа тыйым салу.

Жобаланған нысандарды пайдалану ережелері мен қоршаған ортаны қорғау шараларын сақтау жағдайында өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тепе-теңдігіне және жалпы табиғи ортаға елеулі зиян келтірілмейді.

Ландшафтқа келтірілетін әсерді бағалау

Ең кең таралған ландшафт – шөлді ксерофитті өсімдіктері бар ойпатты-жазықты шөл ландшафты.

Жобаланған нысандар ландшафттың өзгеруіне әкелмейді, құрылыс кезеңінде ландшафтқа қысқа мерзімді әсер етуі мүмкін.

Пайдалану кезеңінде жобаланған нысандар ландшафтқа елеулі әсер етпейді, себебі олар ТШО-ның қолданыстағы өндірістік алаңында орналасқан.

Әлеуметтік-экономикалық ортаға келтірілетін әсерді бағалау

Соның ішінде, жергілікті халықтың қатысуымен

Елді мекендерден шалғай орналасқандықтан, ТШО өндірістік нысандарының отын газ жүйесін модификациялау нәтижесінде жақын маңдағы тұрғындардың денсаулығына әсер келтірілмейді деп пайымдалған.

Құрылыс кезеңінде құрылыс жұмыстарының шаңы мен көлік қозғалысы ауаның ластануында белгілі рөл атқарады. Айта кету керек, құрылыс кезінде жабдық ұзақ уақыт бойы бір жерде болмайды. Сонымен қатар, құрылыс техникасы шығарындыларының әсері негізінен қысқа мерзімді болып табылады, бұл әсерге адамдардың шектеулі саны және ластану көздеріне тікелей жақын жерде ғана ұшырауы мүмкін.

Құрылыс процесінің әсері машиналар, механизмдер және басқа да жабдықтардың шу сипаттамаларын реттейтін мемлекетаралық стандартқа сәйкес келетін машиналар мен жабдықтарды қолданумен шектеледі.

Табиғи және жасанды кедергілерден құбыр өткелдерін салу кезінде халықты бұрғылау қондырғыларының, электр вибраторларының және басқа да шу тудыратын жабдықтардың дыбысынан қорғау қашықтық пен уақыт арқылы (бұрғылау жабдықтарын қысқа мерзімде пайдалану, құрылысты тек күндізгі уақытта жүргізу) қамтамасыз етіледі.

Жолдардағы көлік қозғалысының артуы, әсіресе құбырларды ауыр жүк көліктерімен тасымалдау және құрылыс техникасын жеткізу кезінде күндізгі уақытта шу деңгейінің біршама жоғарылауына әкеледі. Мұндай әсер жұмыстың ұзақтығымен шектеледі.

Құбырлар кемінде 1 м тереңдікте төселеді. Жер деңгейі мен құбырдың арасында 1 м жер қабаты болғанда, жұмыс кезінде құбырлар арқылы ағып жатқан газдың шуы тұрғын аудандар үшін белгіленгеннен аз болады.

Құрылыс бойынша өндірістік жұмыстар кезінде барлық іс күндізгі уақытта жүргізіледі. Қажет болған жағдайда құрылыс кезінде технологиялық жабдықтар мен жұмыс алаңы діңгектердегі прожекторлармен жарықтандырылады. Жарық шоғыры жұмыс орындарына бағытталады және тұрғындарға әсер етпейді.

Жер қазу, құнарлы топырақ қабатын алу және бұрғылау сияқты құрылыс жұмыстары кезінде діріл пайда болуы мүмкін. Діріл газ құбырларын сынау кезінде де тіркеледі және машиналар мен жабдықтардың жұмысынан туындайды.

Жобаны жүзеге асыру кезінде діріл стандарттарын ескеру қажет.

Электромагниттік сәулелену (ЭМС) – электр тогы арқылы түзілетін иондамайтын сәулеленудің бір түрі. Байланыс жүйесінің базалық станциялары, жоғары вольтты электр желілері электромагниттік сәулеленудің потенциалды ошақкөздері болып табылады.

Ықпалды азайту үшін бұл нысандар талаптарға және санитарлық ережелерге сәйкес белгіленеді. Халықтың денсаулығына кері әсері болмайды деп пайымдалып отыр.

Денсаулыққа келтірілетін әсерді қорытындылай келе, барлық ықтимал теріс әсерлер төмен екенін атап өтуге болады.

Осы бөлімде сипатталған барлық басқа теріс әсер болжамға сай мардымсыз деңгейде болады. Сонымен қатар, ауа ластануымен және шуылмен байланысты минималды және аз әсер ең сорақы жағдай сценарийі негізінде көрсетілген және іс жүзінде пайда болмайды. Келтірілетін оң әсерді де ескеру қажет. Жұмысқа орналасудың қосымша мүмкіндіктері артады, бұл жоба бойынша жұмыс істейтін адамдардың табысының және жобаға қызмет көрсететіндердің артуына әкеледі. Табыстың ұлғаюы олардың сатып алу қабілетін арттырады. Табыстың ұлғаюы медициналық көмекке қолжеткізу мүмкіндігін арттырады.

Жоспарлы жұмысты іске асырудың экологиялық рискін бағалау

ТШО отын газ жүйесін модификациялау жобасы ТШО-ның қолданыстағы өндірістік алаңында жүзеге асырылатындықтан, қайтымсыз әсерлерге әкелмейді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде: Маңыздылығы төмен әсер (салдарлар сезіледі, бірақ оның деңгейі жеткілікті түрде төмен. Бұл әсер шекті мәннен (одан төмен мәнде әсер төмен болады) бастап, заңмен белгіленген шекке өте жақын деңгейге дейінгі кең ауқымды қамтуы мүмкін). Мүмкіндігінше, орташа маңыздағы әсердің төмендегенін көрсету қажет.

Нысан санаты

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 2-қосымшасының 1-бөлімінің 1.3-тармағына сәйкес, көмірсутектерді барлау және өндіру, сондай-ақ оларды өңдеу I санаттағы нысандарға жатады.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығымен бекітілген қоршаған ортаға теріс әсер ететін нысан санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықтың 10-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, I санаттағы нысандағы құрылыс-монтаж жұмыстары, егер олар технологиялық процеске өзгерістер енгізетін болса және (немесе) пайдаланылу кезінде эмиссиялардың көлемі, саны және (немесе) қарқындылығы артатын болса, тиісті санатқа жатады.

Қорытынды

«Отын газ жүйесін модернизациялау» жұмыс жобасы Теңіздегі отын газ жүйесін жаңарту мақсатында жүзеге асырылады. Бұл жоба тұтынушыларды құрғақ газдан жұтаң газға ауыстырудың оңтайлы схемасын әзірлеуді, сондай-ақ қажет болған жағдайда жекелеген тұтынушыларды қайтадан құрғақ газға ауыстыру мүмкіндігін қарастырады.

Жобалық шешімдерде қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және өңірдің табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті технологиялық шешімдер және ұйымдастырушылық шаралар көзделген.

Қазақстан Республикасының нормативтік және заңнамалық талаптарын, сондай-ақ жобалық шешімдерді орындау ТШО-ның жаңартылған отын жүйесінің қауіпсіз пайдаланылуын және қоршаған ортаға теріс әсердің болмауын қамтамасыз етеді.